



Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynynı "Altyn Juldız", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynynı Turar RYSQULOV jáne Settar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyn, "Altyn júrek" sylyǵynyn iegeri



№22 /sársenbi/ 01 maýsým

КӨК ТУ ҚАЛАЙ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ?

Отанды сүю деген сөз — оның әр түйір тасын, өзені мен көлін, орманы мен шөлін сүйе білу деген сөз. Осындай шексіз махаббаттың, сүйіспеншілік пен адалдықтың тұмса тұнығынан ұлы туындылар өмірге келеді. Ұлттың мақтанышына, мемлекеттің нышанына айналған мұндай құнды дүние — көкте желбіреген Көк Байрағымыз. Бүгінгі әңгімеміздің арқауы Мемлекеттік Тудың авторы, қазақ халқының бір туар ұлы Шәкен Оңласынұлы Ниязбеков туралы болмақ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде «...Шәкен Оңласынұлы жұмыстарын негізінен патриоттық тұрғыда жазды, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторы болуы — тума талантымен қатар, Отанын шексіз сүйгендігі деп білеміз. Тәуелсіздігіміз баянды болған сайын Шәкен Оңласынұлының рухы халқымен бірге мәңгі өмір сүре бермек», деген болатын. Шәкен Ниязбеков тума таланты мен Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында елдігіміз бен тәуелсіздігімізді айғақтайтын, бүгінде әлем жұртшылығы анық танитын айшықты туындыны ұсына білді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы — ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған. Күн, оның шұғыласы, қыран және ұлттық өрнек бейнесі алтын түстес болып келеді.

Көкте желбіреген байрағымыз туралы Шәкен аға журналистердің «Мемлекеттік Тудың авторы болдыңыз деген хабарды естігенде, қандай сезімде болдыңыз?» деген сұрағына «Ең алдымен, Парламент бекіткен Тудың осы үлгісі халқымызға ұнай ма екен, халқымыздың таңдауына, талғамына сәйкес келе ме екен деген қобалжу сезімі басым болды. Бойымды бір түрлі қорқыныш сезімі билегендей күй кештім», деп жауап берген еді.

Шәкеннің жақын туысы болып келетін інісі, медицина ғылымдарының докторы Сайлаубек Шалқаров Шәкен ағаның Тудың дүниеге келген сәті туралы былай дейді: «Ағаның үйі бұрынғы Коммунистік даңғылы бойындағы «Қаракөз» кафеінің үшінші қабатында болатын. Алматыдағы жұмыс орнымды Түркістан қаласына ауыстырғанға дейін Шәкен ағамен жиі араласып тұрдым. Аға бір күні мені үйіне шақырып алып, Президент Әкімшілігінде Ербол Шаймерденов деген інішек Мемлекеттік Туды әзірлеу үшін конкурсқа түсуімді қалап отырғандығын айтты. Осылайша, конкурсқа қатысуда бел байлағанын жеткізді. «Мына жобасызбаларымды қарашы», деп салған бірнеше туындысын көрсетумен болды. Бір суреті бір суретінен артық салынғандай көрінеді. Шәкен аға бұл суреттер жайлы емес, қазақ тарихына ойысып кете бергені есімде. Күнде үйіне шақырады. Әр салған жобалары күннен-күнге өзгеше болып шығады. Суреттерінде жалпы тарих баяндалады. Мен соны көріп білгендей болдым. Күніге пікірін тыңдату үшін шақырады. Мен қарсы болмаймын. Барамын. Көп ұзамай көк тудың нағыз нұсқасы дүниеге келді. Сондағы ағаның жүзіндегі қуанышты айтып жеткізудің өзі бір бақыт екен!»

Жалғасы 2-ші бетте



Б.САПАРБАЕВ ПРЕЗИДЕНТ ҚАБЫЛДАУЫНДА БОЛДЫ

Мемлекет басшысына өңірлерде атқарылып жатқан жұмыстар туралы, Президенттің бастамалары мен саяси ре-

формаларын халықтың кеңінен талқылап жатқаны туралы мәлімет берілді. Бердібек Сапарбаев өзі қызмет атқар-

ған Жамбыл облысында орындалып жатқан Президент тапсырмаларының нәтижелерін кеңінен баяндады. Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасын арттыруға, қоғамның ынтымағы мен бірлігін нығайтуға бағытталған «Асар», «Тутан жерге тағзым», «Жомарт түлек» және «Бейбітшілік пен келісім» атты жобалар жайлы айтылды. Сонымен қатар Жамбыл өңірінде жүзеге асырылған пилоттық жоба туралы мәлімет берілді. Бұл бастамалар әрбір отбасының өзін-өзі асырауына жағдай жасауға негізделген.

Бердібек Сапарбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа қуаңшылық жағдайында ауыл шаруашылығын әлсіретіп алмай, одан өрі дамыту жөнінде, сондай-ақ жергілікті билік пен ата-аналардың бірлесе отырып, балаларды еңбекке баулу ісін қолға алу туралы ұсыныстарын айтты.

Кездесу барысында жастар арасындағы жұмыссыздықты шешу мәселесі де талқыланды.

Ақорда.

КІТАП АВТОРЫ - 14 ЖАСАР ОҚУШЫ

Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты Б.Өтеп атындағы мамандандырылған «Өнер» мектеп-интернаты облыс ғана емес,



республикаға танылған білім ордасы. Бұл мектептің өзге білім ұяларынан өзгешелігі-мұнда жастайынан өнерімен танылған жеткіншектер іріктелген түрде табалдырық аттайды. Бірі өлең жазса, екіншісі-шығармашылықпен айнаысады. Олардың ішінде айтыскер бала атанғандары қаншама. Мектеп директоры Маржан Есжанова-аудан, облыс, республика көлемінде суырып салма ақындығымен танылып, өнерімен оза шапқан дарынды тұлға.

Айсұлтан Закиров — мектептегі ақындар сыныбынан дараланып шыққан талантты шәкірттердің бірі. Ол небәрі 9 жасында қолына қалам алып, өлең жаза бастаған жеткіншек. 2019 жылы айтыс өнері бойынша Батырбек Өтеп атындағы мамандандырылған «Өнер» мектеп-интернатына түскен.

Айсұлтан Закиров жақында өнер мектебінде өткен «Дарындығы дархан жол» атты шығармашылық кештің қадірлі қонағы болды... Өйткені, балалардың өнерін шыңдауға арналған бұл кеште - жас ақын Айсұлтан Закировтың «Қауырсын» атты жыр кітабының тұсауы кесілді.

Кешке қатысушылар жас ақынның талантына тәнті болып өнерлі өренге сәттілік тіледі.

Шаһаризада ДӨНЕЕВА.

Каналдардың елдімекендерді суландыруда, ауылшаруашылығы бағыты-да атқарар рөлі орасан. Сондай-ақ, қуаңшылық орын алған жағдайда ахуалдан оңтайлы шығуда септігі мол. Шымкент қаласында жалпы 34 канал бар. Оның ішін-

жұмыстары осы жылы басталған. Каналдардың құрылысы аяқталғанда су өткізу қабілеттілігі ұлғайып, жаңадан 1700 га егіс алқабы игеріледі.

Қала әкімі аралау барысында қала үшін каналдардың маңыздылығына тоқталып, мердігерлерге

дардың су өткізу қабілеті де жоғарылайды. Бұл өз кезегінде шаруалардың дөңді-дақылдар мен көкөніс және мал азықтық өнімдерін жетілдіруге мүмкіндігін арттырады. Сондықтан құрылыс барысында бетондаудың технологиялық талапта-

МЕГАПОЛИС ҮШІН КАНАЛДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



де 27 канал ауылшаруашылығы бағытында қолданылса, 7-і ирригациялық мақсатта пайдаланылуда.

Шымкент қаласының әкімі қаладағы каналдардың күрделі жөндеу жұмыстарын тексерді. Бүгінде Еңбекші ауданында орналасқан «Көк», «Чумчак» каналдарында су өткізу қабілеттілігін, сыиымдылығын арттыру мақсатында құрылыс қарқын алған.

Қазіргі сәтте ұзындығы 57,2 шақырымды құрайтын 5 каналды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Оның екеуі өткен жылдан өтпелі болса, үшеуіне күрделі жөндеу

рын сақтап, жұмыстар өз мерзімінде аяқталуы тиіс, - деді қала әкімі.

Сонымен бірге, қала аумағында 2027 жылға дейін 27 каналды қалпына келтіру жұмыстары атқарылып, тағы 5 мың га егістік жерді айналымға қосу жоспарланған.

Жалпы, қала әкімінің айтуынша мұндай халық



жұмыстың сапасына мән беруді тапсырды.

—Каналдар қалаға ауылшаруашылық үшін су жеткізудің негізгі көзі болғандықтан оларды күтіп ұстау мен тиімді пайдалану аса маңызды. Жөндеуден өткен канал-

үшін игілікті жұмыстар үздіксіз жалғасады. Дегенмен, оны әрі қарай күтіп-баптап ұстап, тиімді пайдалану халықтың еншісінде. Елдің, ұрпақтың жарқын болашағы үшін тірлікті бүгіннен бастау керек.

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

КӨК ТУ ҚАЛАЙ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ?

◀ (Жалғасы. Басы 1-бетте)

ант береді. Қастерлеп, айрықша бағалайды. Жігер мен намысқа арқа сүйеп, биік тұғырдан көрінген спорт саңлақтарымыз жаһанды жалт қаратқан сәтте Көк Байрағымыз желбірейді. Патриотизм — идеологиямыз бастау алатын күш-қуат көзі болса, Мемлекеттік Туымыз — рух пен жігердің қозғаушы күші іспетті.

Тағы бір айта кететін дүние — Қазақстанға айбар мен қайрат беріп тұрған үш терек бар. Үш терек деп отырғанымыз — Ту, Елтаңба және Өнұран. Бұл үшеуін біріктіретін байланыстың элементтері дара һәм еркін. Олар органикалық жағынан біртұтас. Олар рухани сұлулықтың, әділеттілік пен сабырлылықтың бейнесін білдіріп, бір-бірін үйлесімді толықтырып тұр. Оған Шөкен Оңдасынұлының қосқан үлесі — ұшан-теңіз.

Ғалымжан МЫРЗАЛЫ,

Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Егемен Қазақстан» газеті 23 Ақпан, 2022

Тағайындау

Нұрлыбек АСЫЛБЕКОВ -

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының басшысы

Шымкент қаласы әкімінің өкімімен Асылбеков Нұрлыбек Абибуллаұлы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Асылбеков Нұрлыбек еңбек жолын 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданындағы «Фармация» АҚ-да провизор технолог әрі бас маман, 2000-2002 жылдары ОҚО әкімінің аппаратында бас маман болып қызмет атқарған.

2002-2006 жылдары ҚРДСМ ОҚО бойынша фармацевтикалық бақылау комитетінің басшысы,

2006-2007 жылдары ҚРДСМ Алматы облысы бойынша фармацевтикалық бақылау комитетінің басшысы, 2007-2009 жылдары ДСМ бас сарапшы қызметін атқарған.

2009-2012 жылдары Алматы облысы бойынша фармацевтикалық және медициналық бақылау департаментінің басшысы,

2012-2015 жылдары ҚР Премьер-Министрлігінде бас инспектор, 2015-2017 жылдары Астана қаласындағы Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің басшысы болған.

2017-2019 жылдары ҚРДСМ

Қазақстандық патриотизм — бұл мемлекетіміздің рухы. Көрнекті тұлғаның бірегей туындысы саналатын Туымызды ел тізгінін ұстаған азаматтар сүйіп, халық алдында

Фармация комитетінің орынбасары, 2019-2020 жылдары ҚРДСМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті төрағасының орынбасары, 2020 жылы Денсаулық сақтау министрлігі тауарлар

мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығында директор кеңесшісі болып қызмет атқарған.

12.08.2020-13.11.2020 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті төрағасының орынбасары, 13.11.2020 және 01.04.2021 жылдар аралықта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті төрағасының орынбасары қызметі атқарған.

01.04.2021 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Нұр-сұлтан қаласы бойынша департаментінің басшысы қызметін атқарған.

«ЖАСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ» АЯСЫНДА 857 ПӘТЕР ҮЛЕСТІРІЛЕДІ

Биыл Шымкент қаласында 1 605 баспананы сатып алу құқығынсыз, жалға беру жоспарланған. Оның ішінде 857 пәтер жұмыс істейтін жастарға табысталады. Қазіргі таңда бұл тұрғын үйлерде абаттандыру және инфрақұрылымдық жүйелерге қосу жұмыстары жүргізілуде. Тиісті жұмыстар аяқталған соң тұрғын үй басқармасында конкурс өтеді. Бұл туралы алдын ала құлағдар ету үшін хабарландыру барлық бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру бағдарламасы бойынша Шымкент қаласында 2021 жылы 300 жас жалдамалы баспанамен қамтылған. 2020 жылы аталған бағдарлама бойынша — 904 азаматқа пәтер кілті табысталды.

Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жұмыс істеп жүрген жастарға сатып алу құқығынсыз берілген пәтерлер 5 жылдық мерзімге пайдалануға беріледі.

«Айғақ»-ақпарат.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРУДЕ



Мегаполис үшін айналма жолдардың маңызы зор. Айналма жол болсын, даңғыл жол болсын, барлығы халықтың ыңғайлы ортада өмір сүріп қана қоймай, жол кептелісін болдырмаудың басты себебі. Құрылыстың сапалы орындалуын қадағалау мақсатында қала басшысы жиі жұмыс барысымен танысып отырады. ткен аптада Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов «Оңтүстік» айналма жолының құрылыс жұмыстарын бақылап қайтты. Айналма жолдың құрылысы Ленгір тас жолынан КХ-15 облыстық маңызы бар автожолына дейін жүргізіледі.

2021-2022 жылдарға жоспарланған жол құрылысының ұзындығы — 16 шақырым. Құрылысты «Корпорация Береке-А» мердігер мекемесі жүргізіп отыр.

Айналма жолдың Шымкент-Ташкент тасжолында қиылысатын бөлігінде көпір салынып,

жол жабынының жерді қысымдау жұмысы атқарылуда.

Құрылыс нысанының 6 учаскесінде жолдың негізін дайындау, қазу жұмыстары қолға алынған. Биыл жолайрық құрылысы, байланыс, электр, газ, сыртқы сумен қамту жүйелерінің орнын ауыстырылуда. Жобаға сәйкес 4 орыннан жауын суына арналған Д1000, Д1500 құбырлары орнатылып жатыр.

Қазіргі кезде 6 учаскеде 14 экскаватор, 45 самосвал, 8 каток, 5 грейдер, 1 бульдозер, 4 водовоз, 3 погрузчик, 1 бензовоз, жалпы саны 81 техника қызмет көрсетуде.

Мұнан соң қала әкімі Мұрат Әйтенов Д.Қонаев даңғылының жалғасы құрылысының 2 және 3 кезеңі бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды бақылады. Орындалған әрбір жұмысқа зертханалық сынақтамалар жүргізіліп, сапасы тексерілуін тапсырды.

Сондай-ақ, Қонаев даңғылы жалғасының екінші кезеңі бойынша инженерлік желілердің орнын ауыстыру, мемлекет мұқтажына алынған үйлерді сүру жұмыстарымен қатар ұзындығы 0,561 шақырымды құрайтын үшінші кезеңі бойынша қазіргі уақытта жол мен аяқ жолдардың негізін өзірлеу, абаттандыру және жер үсті жаяу жүргінші өткелін жасау жұмыстары атқарылуда.

Айта кетейік, өткен жылы Шымкентте 25 мектеп салынса, биыл 17 мектеп салу жоспарланды. Келер жылы үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешілетін болады. Одан бөлек, Оқушылар сарайы мен Саз мектебі салынуда.

Жомарт БЕГІМБЕТ.

ЖАҢА ЖОБАЛАР ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

райтын керамика плитасы өндірісі жобасы 200 адамды жұмыспен қамтуды көздеуде. Қазіргі таңда «Жұлдыз» индустриалды аймағынан 25 гектар жер беру қарастырылуда.

Жылына 100 млн метр тамшылатып суаратын таспа мен 9000 тонна дайын полимер бұйымдарын шығаруға қауқарлы кәсіпорын 30 адамды жұмыспен қамтымақ. «Жұлдыз» индустриалды аймағынан 3 га жер бөлу жоспарланып отыр. Жобаның құны 1,3 млрд теңге. Жылына 10 000 тонна электр энергиясы өндірісіне қажетті жабдық шығаратын зауытқа да 10 га жер телімі қажет.

Асфальт битумдарын өндіретін және сақтайтын жобаның құны 300 млн теңгені құрайды. Жеке инвестор жылына 255 мың тонна асфальт өндіруді қолға алмақ. Ал, 897 адамды жұмыспен қамтуға арналған текстиль жобасының құны 15,2 млрд теңге. Кәсіпорын жылына 10 440 тонна иірілген мақта жіп пен 18,9 млн шаршы метр мата тоқуға қауқарлы. Сондай-ақ, жылына 3,6 млн орам кагаз шығаратын мекемеге «Оңтүстік» индустриалды аймақтан жер бөлу жұмысы қаралуда.

Қала әкімі жаңа өндіріс орындары қаламыз үшін маңызды екенін, ұсынылған жобаларға қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Индустриалды аймақтардан қажетті жер беріледі. Шаһар басшысы жобаның жүзеге асырылуы барысында кездесетін мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктейді.

Ал Шымкенттегі «Тассай» индустриалды аймағында биыл жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайтын 150 жаңа жұмыс орнымен 5 инвестициялық жоба іске қосылды. ткен аптада құрылысы жүріп жатқан кәсіпорындарды қала әкімі Мұрат Әйтенов аралады.

Әуелі мұнаралы крандар мен лифт шығаратын «Kaspy service» компаниясына барды. Құрылысы 2021 жылы басталған зауыт келесі

жылдың ортасына дейін аяқталып, іске қосылады. Бүгінде құрылыстың 30 пайызы атқарылған. Кәсіпорын жылына 10 бірлік өнім шығарады. Пайдалануға берілсе, 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

Одан кейін медициналық зертханаға қажетті вакуум түтіктерін өндіретін «Экофарм интернейшнл» ЖШС-ін аралады. Құрылысы 2019 жылы басталған жобаның I кезеңі аяқталған. Пайдалануға беру мерзімі 2023 жылға көзделіп отыр. Кәсіпорын іске қосылғанда, жылына 70 млн дана медицинаға қажетті құрал өндіруге қауқарлы. Сондай-ақ, 200 адам жұмыспен қамтылады. Келесі нысан медициналық зертхана жабдығын өндіретін «Bio Etica» және «Про-Тек-МП» бірлескен ЖШС-і. Жылына 1 млн дана жабдық шығаратын зауыттың құрылысы 2020 жылы басталған. Бүгінде құрылыстың 90 пайызы орындалған кәсіпорын осы жылдың соңына дейін іске қосылады.

—Қалада өндіріс орындарының көп болғаны өте маңызды. Кәсіпкерлер тарапынан ұсынылған жобаларға әрдайым қолдау көрсетуге әзірміз. Енді іске қосылғалы тұрған осы кәсіпорындарға 2020 жыл «Бизнестің жалғасы — 2020» бағдарламасы аясында «Тассай» индустриалды аймақтан жер бөлінген болатын. Бұдан да өзге мәселелерді бірге шешуге дайынбыз, - деді қала әкімі.

Сонымен қатар ауылшаруашылығы бағытында да инвесторлар тарту жұмыстары белен алған. Мәселен, аталмыш салада 2021-2025 жылдары 71 инвест жобаны іске асыру көзделіп отыр. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы бойынша — 19, мал шаруашылығы — 34, қайта өңдеу — 8, сауда — 10 жоба қаралған. Бұл мақсатта 12,7 мың жұмыс орны ашылып, азаматтардың жұмысқа орналасуына ықпал етеді. Жоғарыдағы 71 жобаның биылғы жылы 32-сі жүзеге асырылады деп күтілуде.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ САПАСЫ АРТУДА

Бүгінде «Ұрпақтың денсаулығы - ұлттың саулығы» деген сөздің мәні артып келе жатқанын құннен-құнға сезіне тұсудеміз. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз әр жыл сайын халық денсаулығын көтеру үшін әртүрлі бағдарламалар қабылдап, жаңа ауруханалар салып, медицина қызметкерлерінің жалақысын көбейтіп, біліктілігін арттыруды жолға қойып, миллиардтаған теңгелер бөлді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықтың денсаулығын сақтау: саясат, ғылым, білім, алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциядағы баяндамасында, ұлт денсаулығы мемлекетіміздің басты байлығы екенін айтты.

Денсаулық сақтау саласын іске асыру барысында денсаулық сақтау саласында нарықтық механизмдер элементтері енгізіліп, заманауи медициналық технологиялар трансферті жүзеге асырылды. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы қол жеткізілген нәтижелерді бекітуге және дамытуға, денсаулық сақтау саласындағы мәселелі проблемаларды жаңа сын-тегеуріндерге сәйкес шешуге бағытталған болса, бағытты айқын бағдарлама

саланы 2025 жылға дейінгі жоспарлы дамытудың негізіне айналды. Бағдарламаны іске асыру тұрғындарды жаппай қамту, әлеуметтік әділдік, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының саясаты стратегияларының негізгі қағидаттарына сәйкес сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету қағидаларын сақтаумен әлеуметтік бағдарланған ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығына және жүйелі дамуына ықпал етті.

Тәуелсіздік алған ширек ғасырдың ішінде Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласы қарыштап дамыды. Озық технологиялармен жабдықталған клиникалар, ауруханалар ашылып, күрделі оталар жасалып келеді. Еліміз бойынша демографиялық ахуал тұрақты.

Ана мен бала денсаулығы ерекше назарда.

Бүгінде Шымкент қаласының коммуналдық меншігінде 36 медициналық ұйым бар. Оның ішінде 15-і ауруханалық ұйым, 14 амбулаторлық-емханалық ұйым және 7 мекеме басқа бейінге бағытталған.

Шаһарда медициналық қыз-

нан соң ауыр дертке шалдыққан балалардың өзге қалаға сабылмай осында ем алып, күрделі оталар жасауына мүмкіндік туады.

Бұл бағыттағы негізгі жұмыстар іске асып, орындалуда. Қазірде балалар ауруханасында нейрохирургиялық, күйік, урологиялық, торакальды хирургия, нейрохирургиялық медициналық оңалту бөлімшелерінің қызметтері жолға қойылды, неонатальды хирургиялық көмек көрсету түрі ұлғайып, жаңа туылған балаларға медициналық көмек тек қалалық балалар ауруханасында көрсетіле бастады. Нейрохирургиялық оталарды жандандыру мақсатында соңғы үлгідегі заманауи аппараттар орнатылды.

Саланың сапалы түрде дамуына соңғы кездері жеткен жетістіктерге қарап та айтуга болады. Мәселен, жуырда ғана тұңғыш рет Шымкент қалалық клиникалық балалар ауруханасында Арнольдо Киари синдромына шалдыққан науқасқа ота жасалды. Сирек кездесетін мұндай дерт түрінің жалғыз емі-операция ғана. Дәрігерлер күрделі отаны 15 жастағы ұл балаға жасады.

Мамандар науқасқа диагностикалық тексеру жүргізіп, диагнозын дер кезінде нақтылай білген. Жасөспірімнің өмірін аман алып қалу үшін қалалық клиникалық балалар ауруханасының дәрігерлері күрделі ота жасауға шешім қабылдайды. Жоспарлы операция сегіз сағатқа созылып, хирургтер науқастың миындағы ауытқуды хирургиялық жолмен емдеді. Нәтижесінде науқастың ақыл есінің жұмыс істеу қабілетін жақсартып берді.

Шымкентте мұндай ота түрі алғаш рет жасалып отыр. Бұған дейін науқастар Нұр-Сұлтан қаласындағы емдеу орталығына жіберілетін. Енді балалардың мұндай күрделі операциясын қалалық клиникалық балалар ауруханасының дәрігерлері жасайды.

—Операция барысында науқастың басының арт жағынан шүйде аймағының шүйде сүйегі дөңгелетіп кесіп алынды. Бірінші мойын омыртқасы алынады. Мидың өзінің қатты қабаты бар. Біздің мақсатымыз мишықты бос жатқызу. Мишықты босату арқылы синдромды емдейміз. Арнольдо Киари синдромның асқынуы науқасты шизофренияға, тіптен мүгедіктікке өкелуі мүмкін. Дерттің жалғыз емі, уақтылы жасалған операция ғана екені бүгінге дейін ғылыми түрде дәлелденген, - дейді Шымкент қалалық клиникалық балалар ауруханасының дәрігер-нейрохирургы Самат Көкшібаев.

Бетті дайындаған:
Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.



ҚАЛАДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРУДЕ

«ҚР Конституциясына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларында мемлекеттік кепілдіктер берілетіні анық жазылған. Дамыған елдердің тәжірибесіне қарап, білім беру мен денсаулық сақтау, ғылымды дамыту, спорт, жұмыспен қамтуға бағытталған реформалар мен инвестицияның нәтижесінде ұлт өмірін сапалы етуге, постиндустриалды қоғам талаптарына жауап беретін интеллектуалды қоғам орнатуға, табысты жастарды тәрбиелеуге болатынына көз жеткіземіз. Мемлекеттің әр қадамы нәтижелі болу үшін тұлғаның бәсекеге қабілеттілігі де жоғары болуы керек», иә, бұл

Стратегияда «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары» деп осы мәселеге арнайы тоқталу арқылы оның маңыздылығын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында «Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұр. Бұл — кезек күттірмейтін шаруа» деп нақты тапсырма берген болатын. Бүгінде Президент тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Шымкент қаласында көптеген шаруалар атқарылуда. Соның ішінде «ALAN» халықаралық мектебінің бой көтеруі.

Қаратау ауданында орналасқан мектеп 840 оқушыға лайықталған. Мұнда 1-11 сынып аралығындағы оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілінде білім алады. Оқу ғимаратында 60 пән кабинетімен бірге ашық және жабық түрдегі спортзал, кітапхана және асхана қаралған. Оқушыларды ғылыми жұмыстарға бағыттау үшін ғылыми зертханалар жасақтау көзделіп отыр.

ткен аптада Шымкент қала-

сының әкімі Мұрат Әйтенов «ALAN» халықаралық мектебінің құрылыс барысын көрді. Заманауи стандарттарға сай келетін білім мекемесі осы жылдың қыркүйек айында іске қосылады.

Білім мекемесі толық күндік мектеп болғанымен ерекшеленеді. Оқушылар сағат 8:00-17:00-ге дейін қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынған смарт мектебінде қосымша біліммен қамтылады.

Мектеп іске қосылғаннан кейін барлығы 168 адамды тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған. Кадрлар халықаралық білім беру бағдарламасы негізінде іріктеліп, үш тілді жетік меңгеруі міндеттеледі. Одан бөлек, шетелден білікті мамандарды шақыру көзделіп отыр. Білім беру әдісі STEAM, PBL, TRIZ, CLIL және өзге де әлемнің озық бағдарламасына негізделген.

Сонымен қатар, оқушылар спорт пен шығармашылық үйірмелері және сыныптан тыс ұйымдастырылатын іс-шараларға қатыса алады.

Айта кетсек, биыл қалада 16 мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның 11-і жеке инвестор есебінен салынуда. Нәтижесінде үш ауысымды мектеп саны 9-дан 5-ке азаяды.

Биыл білім ұйымдарындағы 242 525 оқушы оқу жылын аяқтаса, оның ішінде 11 189 бала оқуды бітіріп отыр.

Биылғы мектеп бітіруші түлектердің 8 мыңнан астамы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады, соның ішінде 453 оқушы Алтын белгіге үміткер. Ал, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижесінде осы оқу жылында 500-ден астам шымкенттік оқушы халықаралық және республикалық сайыстарда топ жарды.

Айта кетейік, өткен жылы Шымкентте 25 мектеп салынса, биыл 17 мектеп салу жоспарланды. Келер жылы үш ауысымды мектеп мәселесі толық шешілетін болады. Одан бөлек, Оқушылар сарайы мен Саз мектебі салынуда.

ҚР РӘМІЗДЕРІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

ҚР Рәміздерінің 30 жылдығына орай Түркістан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен тарихшы ғалымдар мен археологтардан құралған экспедиция Созақ ауданы, Арпаөзен бойындағы таңбалы тастар тарихымен танысуға сапарға шықты. Экспедиция құрамында облыс әкімінің орынбасары Сөкен Қалқаманов, тарих ғылымдарының докторы, РК ҰҒА академигі Бауыржан Байтанаев, қазақстандық суретші-реставратор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қырым Алтынбеков, қазақстандық кинорежиссер, Канн фестивалінің лауреаты Сергей Дворцевой, жергілікті археологтар мен тарихшылар, журналистер бар.

Таңбалы тастардың шығу тарихы мен оның тәуелсіз Қазақстан рәміздерімен байланысын атап өткен С.Қалқаманов шараның ашылуында:

- «Рәміздер тарихы ежелден басталады. Ол көне заман, түркілер дәуіріндегі таңбалар, хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен тығыз байланысты. Мемлекеттік рәміздер — мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы. Бүгінгі Арпаөзен таңбалы тастарына жасаған экспедиция мақсаты — осы ежелгі заманнан келе жатқан символиканың ХХІ ғасырдағы тәуелсіз Қазақстанның рәміздерімен тығыз байланысын насихаттау», деп атап өтті.

Петроглифтерді зерттеп жүрген ғалым Бауыржан Байтанаев Арпаөзендегі таңбалы тастарды кеңінен насихаттау үшін туризм кластерін дамыту керек

тігін айтты. Ол:

— Киелі Созақ жерінде орналасқан Арпаөзен таңбалы тастары немесе Арпаөзен петроглифтері — қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартасқа таңбаланған суреттер. Біз осы тарихи жәдігерді кейінгі ұрпаққа жеткізуде вандалдардан қорғауымыз керек. Ол үшін бұл жерде туризмді дамытып, петроглифтерді ЮНЕСКО тізіміне енгізу керек, — деді.

Қола дәуірінен бері сақталған құнды ескерткіш — «Арпаөзен таңбалы тастары» Созақ ауданы, Абай қыстағының оңтүстік-батысында, Қаратаудың Келіншектау деген жотасынан бастау алатын кішірек Арпаөзен бойында орналасқан. Оны Қазақстан ғылым академиясының археология экспедициясы зерттеген. Суреттердің жалпы саны — 3,5 мың. Негізгі сюжеттері аңшылыққа, жаугершілік тақырыпқа және жан-жануарлар тіршілігіне арналған. Қос аяқты ат, өгіз және түйе жеккен соғыс және шаруашылық арбалары кездеседі. Ескерткіш біздің заманымыздан бұрынғы 1 және 2-мыңжылдыққа жатады.

Созақ жеріне алғаш келген Қырым Алтынбеков облыс әкімінің орынбасарына Арпаөзен петроглифтерінен ашық аспан астындағы музей жасау арқылы құнды жәдігерлерді қорғауға алуды ұсынды.

Экспедиция сапарының қорытындысымен Созақ ауданындағы тарихи нысандарды туристерге насихаттау мақсатында «Шығыс сақинасы» тұжырымдамасы жасалады.

Сондай-ақ Түркістанда маусым айының басында ҚР Рәміздерінің 30 жылдығына орай Арпаөзен петроглифтерінің суреттерінен фотокөрме өтеді.

Түркістан қаласындағы «Оқушылар сарайында» Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Дініслам Болатханұлы 2021-2022 оқу жылында өткізілген халықаралық, республикалық олимпиадалар, конкурстар, байқауларда жеңімпаз болған оқушыларды дайындаған мұғалімдерді «Құрмет» грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Мақсат — 2021-2022 оқу жылындағы мұғалімдер мен үздік ұстаздар еңбегін бағалау, оларға алғыс білдіру.

Іс-шараға 2021-2022 оқу жылында өткізілген халықаралық, республикалық олимпиадалар, конкурстар, байқауларда жеңімпаз болған оқушыларды дайындаған Түркістан облысының аудандық, қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімдеріне қарасты жалпы білім беру ұйымдары мен маманданды-

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ



рылған білім беру ұйымдарының оқушыларын дайындаған мұғалімдер қатысты. Атап айттар болсақ, Жолдасбеков атындағы оқушылардың механика және математикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсына қатысқан 2 оқушының мұғалімі; Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың

қорытынды кезеңінің жүлдегерін дайындаған 22 мұғалім;

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының жүлдегерлерін дайындаған 8 мұғалім;

Республикалық оқулардың қорытынды кезеңінің жүлдегерлерін дайындаған 15 мұғалімге құрмет көрсетілді.

«ДЕНСАУЛЫҚ» САЯБАҒЫ САЛЫНДЫ

Түркістан қаласында «Денсаулық» саябағы салынды. Саялы демалыс орнының 6240 шаршы метр жері — көгалды аумақ. Онда 540 дана ағаш егілген. 3150 шаршы метріне аяқжол төселген. 100 дана бастырма орналастырылып, балалар ойын алаңшасы мен стрит воркаут жасақталған. Одан бөлек, саябақ ішінде өсемдік үшін қойылған ана мен бала мүсіні және 136 дана кіші сәулеттік

формалар да бар. Саябақ автотұрақпен де қамтамасыз етілген.

Қала әкімдігі тарапынан саябақтар, скверлер, гүлзарлар, көшелер мен жасыл аймақтар аумағын тазалау, жасыл желектерді егу және оны күтіп ұстау, шағын сәулеттік пішіндер мен ескерткіштерді, субұрқақтарды, сугару жүйелерін салу және қадағалау жұмыстары жүргізіліп келеді. Көгалдандыру жұмыстарына 700-ден астам адам тартылған.

МАҚТААРАЛДА БАЛЫҚ АУЛАУДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



баев.

Ұйымдастырушылар «Шардара» су қоймасы балық аулауға ең қолайлы су айдындарының бірі екенін атап өтті. Иткені аталған су қоймасы — Мақтаарал, Жетісай, Шардара, Келес аудандарының арасында орналасқан әрі еліміздегі ең үлкен 3-ші су қоймасынан саналады. Сондай-ақ жылы аймақта орналасқандықтан, балық шаруашылығына да өте қолайлы. Жарыстың шарты бойынша әр команда 3 адамнан құралды. Бір командада 6 қармаққа дейін пайдалануға рұқсат берілді. Қайықпен балық аулауға тыйым салынды. Жарысқа спирттік ішімдік алып барған командалар бірден ойыннан шығарылды.

22-24 мамыр аралығында өткен жарыс нәтижесінде 4-орынды «Ринат» командасы, 3-орынды «Абиш» командасы,

2-орынды «Сабыр» командасы жеңіп алды. Ал 1-орынды «Абдул-Қасым» командасы иеленіп, республикалық балық аулау жарысының чемпионы атанды. Сонымен қатар қармақты ұзақ қашықтыққа лақтыру бойынша және «Алғашқы балық», «Үлкен балық» номинациялары бойынша да арнайы орындар берілді.

Барлық жүлдегерлерге аудан әкімі Бақыт Асановтың атынан сый-сияпат ретінде аңшылық пен саяхат жасауға пайдаланылатын қажетті құрал-жабдықтар тапсырылды. Ауданның спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Жандарбек Төтеев пен аудандық мәслихаттың депутаты, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Сүндет Кенжебаев балық аулау жарысы әр жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатынын атап өтті.

САЙРАМДА БЕС АУЫЛҒА ТАБИҒИ ГАЗ БЕРІЛДІ



қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты

«КазТрансгазаймақ» АҚ Сайрам ауданындағы бөлімшесі және «Интергаз орталық Азия» Акционерлік қоғамы «Шымкент» магистральды газ құбырлары тарапынан тұрғындарды табиғи газбен шұғыл түрде қамту үшін нақты жұмыстар жүргізуде.

Сайрам ауданындағы Қарабұлақ, Нұржанқорған, Ханқорған, Қосбұлақ, Арыс ауылдарында көгілдір отынды кіргізу жұмыстары аяқталып, табиғи газ берілді. Аудан әкімінің орынбасары Мадияр Оразалиев газ берілген өңірлерге барып, тұрғындарды газбен

ЖЕТІСАЙ ДИҚАНДАРЫ ҚАРБЫЗДЫ ЭКСПОРТТАУҒА ДАЙЫН

Жетісай ауданында қарбыз пісті. Жетісай ауданы, Атамекен ауылдық округіне қарасты Жемісті ауылында 1 гектар алқаптан 25 тонна қарбыз Ресейге экспортталуға дайын тұр. Қарбыз тамшылатып сугару әдісімен өсірілген.

— Тамшылатып сугарудың пайдасы мол екен. Жыл сайын 6 мың түп егетін едім, осы әдіспен биыл 8 мың түп шықты. Бұл өз кезегінде мол өнім алуда мүмкіндік береді. Тамшылатып сугарудың тағы да бір артықшылығы — тыңайтқыш 5-6 есе аз кетеді. Қол күшін де көп қажет етпейсің. Қарбыздың 60-65 күнде

пісетін «Долбый» атты сортын сәуір айында ектік. Қазір бағасын келіссек, 25 тоннадан астам қарбызды үзейін деп жатырмыз. Бұған дейін келісіне 210 теңге ұсынып кетті, бұл бағадан 20-30 теңгеге жоғарылау бағаны көздеп отырмын, — дейді «Атымтай» шаруа қожалығының төрағасы Атымтай Омаров. Қарбыз бір-екі күн көлемінде Ресейге жөнелтілмек.

Айта кетейік, биыл Жетісай ауданы бойынша 17 мың гектарға бақша дақылдары егілген. «Бір алқаптан 2-3 өнім алу» жобасы бойынша 1100 гектар аумақта 236 жоба іске асырылып жатыр.

Бетті жинақтап дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

- Сұлтан Бақытұлы сіз өткен жылдың 10 қаңтарында VII шақырылымның депутаты атандыңыз. Қазіргі таңда 1,5 жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында халық арасында қандай мәселелер жиі көтерілді?

- Иә, уақыт деген зымы-

мыш мекеме тексеру жұмыстарын жүргізді. Бұдан бөлек, әлеуметтік көмек сұрайтын тұрғындар да бар. Қолдан келгенше, қайырымдылық жасауға тырысамын.

- Халықтың өтінішін тыңдайсыздар, депутаттық сауал жолдайсыздар, сол



Сұлтан Бақытұлы Көшенев, «Ақ жол» ДП Түркістан облыстық мәслихатының фракция жетекшісі, Түркістан облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі:

«Қолдан келгенше, қайырымдылық жасауға тырысамын»

рап өтіп бара жатыр. Қоғамдық жұмысқа кеше немесе бүгін араластым деп айта алмаймын. Ес білгелі, ата-анамыздың тәрбиесі болар, аяққа тұрған сәттен қоғамға пайдамыз тисе деген ниетпен жұмыс істеп келе жатырмыз. Депутаттық мандатқа ие болғалы, халыққа етене жақын бола түстік. Олардың айтар ойымен санасып, шешілмеген мәселелерін бірлесіп шешуге атсалысып келеміз. Әлі күнге дейін ауылдық елді мекендерде ауызсу, газ, жол, жер, ағын су проблемалары шешімін таппаған. Қоғамдық қабылдау немесе ауыл-аймақты аралағанда халықтан осы мәселелерді жиі естиміз.

Біздің өңірдің ең өзекті мәселесі: егіншілікпен айналысатындарға субсидияны ерте беру жөніндегі өтініштерін кәсіпкерлер жиі айтады. Бұл егін шаруашылығымен айналысатындар үшін шешімін таппаған ауқымды мәселе. Субсидия кеш бөлінсе, алқапқа егін кеш егіледі, есесіне кәсіпкерлер көретін пайда да аз болады. Сондықтан біз бұл мәселені Республикалық деңгейде көтеруді жөн санадық. «Ақ жол» партиясының фракция мүшелеріне депутаттық сауал жолданды. Тұрғындардың бұл өтініші біздің жіті бақылауымызда. Шаруалардың мәселесін шешіп беруге бар күш-жігерімізді салып жатырмыз.

Осы жылдың басында, яғни 9 ақпан күні қоғамдық қабылдау өткіздім. Сол кездесуде тұрғындар Сарыағаш қаласында орналасқан «Асфальт» ЖШС және «Шымкент-дорстрой» зауыттарына шағым түсірді. Ауаны ластанатқан зауыттар бойынша экология департаментіне депутаттық сауал жолдадым. Атал-

ұсыныстың қайсысы орындалды?

- Шешімін тапқан мәселелер өте көп. Атап айттар болсақ, “№2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы” КММ-і (Шымкент қаласындағы “Қарттар үйі”) осы уақытқа дейін газ емес, көмір жағып келген. Былай қарап тұрсаңыз, ХХІ ғасырда өмір сүреміз, Шымкент — республикалық маңызы бар шаһар, бірақ қаланың қақ ортасында жағдай жасалмаған. Ардагерлердің өтініші негізге ала отырып, Шымкент қалалық «Kaztransgaz Аумаққа» хат жолданды, газдың кіруіне ықпал еттік.

Бұдан бөлек, Түркістан облысы бойынша барлық мектептерді аралап шықтық. Білім ошақтарының жай-күйімен таныстық. Жөндеу жұмыстарын қажет ететіні қанша, үш ауысымды мектептер қанша барлығын жіті тексердік. Бұл мәселені зерделеу үшін арнайы жұмыс тобы жасақталды. Оның құрамында 8 адам болды.

Жұмыс тобымен бірге анықтағанымыздай: үш ауысымға өту қауіпі бар 100-ге жуық мектеп, күрделі жөндеуді қажет ететін 100-ден астам білім ошағы бар. Сонымен қатар, қосымша ғимаратты қажет ететін мектептер де жетерлік. Бұл мәселе бойынша да, жауапты мекемелерге хат жолданды, анықталған кемшіліктерді кезең-кезеңімен жою бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

Қауаңшылық кезінде Маңғыстау облысына шөп жібердік, 50 отбасына азық-түлік, 21 тонна көмір, 23 балаға қыстық киімдер тараттық. Мұндай қайырымдылық санаттағы жұмыстар бұл ғана емес. Мен қазір сізге есіме түскен бір-екі ғана іс-шара аясында ұйымдастырылған сауапты іс-

терді атап өттім. Айта берсек одан да көп. Сонымен қатар, Сайрамдық 9 отбасының баспанасын заңдастыру мәселесінің де оң шешімін таптық.

- Сайлаушылармен жиі кездесіп тұрасыз ба?

- Әрине, барынша халыққа жақын болуға тырысамын. йткені, жергілікті жердің мәселелерін жергілікті халық жақсырақ біледі. Кездесу барысында егжей-тегжей танысып шығуға тырысамыз. Кейін, мүмкіндік болып жатса, тиісті мекемелерге мәселенің оң шешімін табуға атсалысамыз.

- Алда ауқымды саяси науқан - референдум Жаңа Қазақстанның қалыптасуына көзқарасыңыз қалай?

- Ұзақ жылдар бойы еліміздің саяси жүйесінде тоқырау болды. Яғни ешқандай даму болған жоқ. Халық өзгерісті қалады. Ең бастысы азаматтардың пікірі ескерілді. Президенттің тапсырмасымен Конституцияға түзетулер әзірленді. Енді бұл істі соңына дейін халық жеткізуі тиіс. Біздің елге шын мәнінде өзгерістер қажет-ақ. Ол өзгерісті бүткіл халық болып іске асыра аламыз. Президентіміз халықпен санасып, олардың пікірін бірінші орынға қойған сәтте, референдумға қатыспай қалыс қалу мүмкін емес. Сондықтан, жаңару жолына жетелейтін референдум — қазақ халқы үшін ең маңызды шара. Барша халықты Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырамын. Бұл ел тарихындағы елеулі оқиға, оған барлығымыз атсалысуымыз керек деп ойлаймын.

- Мазмұнды әңгіме-ңізге рахмет.

Сұхбаттасқан «Айғақ» редакциясы.

ТОРАКОСКОПИЯЛЫҚ ОТА ЖАСАЛДЫ

Түркістан облыстық клиникалық ауруханасының торакоабдоминалдық бөлімшесіне әлсіздік, дене температурасының көтерілуі, оң жақтағы кеуде аймағында орташа ауырсыну туралы шағымдармен шұғыл түрде науқас түсті. Оған МӘМС шеңберінде шұғыл күрделі ота жасалды.

Отаның артықшылығы — отадан кейін тез қалпына келе алады. Қазіргі уақыт-

та науқастың жағдайы тұрақты, өзі таңуға барып жүр.

Мұндай оталар Облыстық клиникалық ауруханасында жақында жүргізіле бастады. Болашақта торакоскопиялық әдісі арқылы орындалатын нозологиялардың тізімін ұлғайту жоспарлануда. Торакоскопиялық оталар Түркістан облысы мен Шымкент қаласының тұрғындары үшін орындалады.

ТҮЛКІБАСТА 64 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙПАДЫ



де 24 көпбалалы отбасыға, 2 толық емес отбасыға, 13 ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, 1 бюджет саласының қызметкеріне және кент орталығындағы үйлері апатты деп танылған 23 тұрғынға баспана берілді.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Автогаз Трэйд» ЖШС «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылдық округі, 016 квартал, 399-уч. мекенжайы бойынша орналасқан, СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 06.06.2022 ж. бастап өтеді.

Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады - <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Автогаз Трэйд» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту Раздел Охраны окружающей среды к рабочему проекту «Установка газозаправочного модуля (моноблок) для заправки автомобилей сжиженным нефтяным газом, расположенный по адресу: Туркестанская область, Сарыағашский район, Дербісекский с.о., 016 квартал, уч. 399»

Публичные обсуждения будут проходить с 06.06.2022 г.

Орган ответственный за координацию общественных слушаний в форме публичного обсуждения, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Туркестанской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений - <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic>

Заказчик проектной документации: ТОО «Автогаз Трэйд», БИН 141140004759.

Разработчик РООС: ТОО «Nomad Eco», тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Автогаз Трэйд» ЖШС «Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, №169 уч. өндірістік кооперативі мекенжайы бойынша орналасқан, СКГ автокөліктеріне май құюға арналған газ толтыру модулін орналастыру» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 5 жұмыс күні ішінде, 06.06.2022 ж. бастап өтеді.

Қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган «Шымкент қаласының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады - <https://ecoportal.kz/Discussion/DisPublic>.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші: «Автогаз Трэйд» ЖШС, БСН 141140004759.

ҚОҚБ әзірлеуші: «Nomad Eco» ЖШС, тел. 8(7172)79-25-75, 8(701)339-21-21, info@nomadeco.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

